

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 9-апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
 Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы
 Балалардың жасы: 3,4.
 Жоспардың құрылу кезеңі 28.10 -01.11.2024

Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е., Мусина К.Е.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.10.2024	Сейсенбі 29.10.2024	Сәрсенбі 30.10.2024	Бейсенбі 31.10.2024	Жұма 01.11.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Шаттық шеңбер. (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)</p> <p>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.</p> <p>Әңгімелесу: «Менім көшем» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Міндеті: Балалардың көше туралы түсініктерін кеңейтіп, нақтылау. Қоршаған ортаға, үйіне, туған өлкеге, қамқорлықпен қарауға және ұқыпты, әдепті болуға тәрбиелеу.</p> <p>Сөздік қоры: көше</p> <p>Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Жол жүрудің тәртібі Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау- саламат жүреміз.</p> <p>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында .</p> <p>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім</p>				

	жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.				
Ертеңгілік жаттығу	№ 9 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	Д/О: "Сөзді аяқта" Міндеті: анық үйрету, көп буынды сөздерді дауыстап айту, есту зейінін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті-коммуникативтік қызмет)	Д/О: "Жылдың қай мезгілі?" Міндеті: табиғатты суреттеуді өлеңмен немесе прозамен жылдың белгілі бір уақытымен байланыстыра білуге үйрету (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)	Д/О "Мен кімін?" Міндеті: өсімдіктің атын атауға, есте сақтау қабілетін, зейінін дамытуға үйрету.: (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік қызмет)	Д/О: "Кім (не) ұшады?" Міндеті: жануарлар, жәндіктер, құстар туралы білімдерін бекіту, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)	Д/О: "Бұл қандай құс?" Міндеті: күзде құстардың тіршілігі туралы түсініктерін нақтылау және кеңейту. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті 3 жас «Қателеспе» ойыны Міндеті: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне, қарай байланыстыру. Сөздік қоры: Дене, бет, бас, көз, мұрын, ауыз 4 жас Міндеті:	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Кімнің заты» ойыны. 3 жас Міндеті: Сөздік қорды заттардың сапасы мен	Математика негіздері «Ауыр – жеңіл» ойыны 3 жас Міндеті: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Сөздік қоры: ауыр-жеңіл 4 жас Міндеті: Биіктігі	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Математика негіздері «1 саны мен цифры» ойыны. 3 жас Міндеті: Заттардың санын ажыратуға үйрету:	Музыка: (музыка жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша) Математика негіздері «Уақыт. Уақытты бағдарлау» ойыны 3 жас Міндеті: Уақытты бағдарлау» танертен

<p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қоры: Дене, бет, бас, көз, мұрын, ауыз, тіл, тіс, құлақ</p> <p>Математика негіздері «Қай жерде тұр?» ойыны 3 жас</p> <p>Міндеті: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: жоғары, төмен,</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: жоғары, төмен, үстінде, астында, қасында</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру. «Біз серуенге шықтық» ойыны.</p>	<p>қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту.</p> <p>Сөздік қоры: шалбар, көйлек.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қоры: шалбар, көйлек, жейде, кеудеше</p> <p>Математика негіздері Геометриялық фигуралар (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш). «Сиқырлы ел» ойыны 3 жас</p> <p>Міндеті: Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Сөздік қоры: дөңгелек</p> <p>4 жас</p>	<p>бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: ауыр-жеңіл</p> <p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі «Жеке жеке атын ата» ойыны 3 жас</p> <p>Міндеті: суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p> <p>Сөздік қоры: кесе, қасық, тәрелке.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдер</p>	<p>Сөздік қоры: бір, бірінші</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қоры: бір, бірінші</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Формасы ұқсас заттарды тап» ойыны. 3 жас</p> <p>Міндеті: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту.</p> <p>Сөздік қоры: доп, текше, асық</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалар мен талқылау</p> <p>Сөздік қоры: доп, текше,</p>	<p>Сөздік қоры: танертен</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Тәулік бөліктері (танертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертен» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Сөздік қоры: танертен, күндіз, кеш, түн</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет: «Төлін тап» ойыны. 3 жас</p> <p>Міндеті: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Сөздік қоры: қозы, қой, лақ, ешкі</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Әдеби</p>
---	--	---	---	--

	<p>3 жас Міндеті: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қоры: ағаш, жапырақ</p> <p>4 жас Міндеті: Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Сөздік қоры: ағаш, жапырақ</p>	<p>Міндеті: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және дене кубты танып, атай білуге үйрету. Сөздік қоры: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш.</p>	<p>мен байланыстыруға үйрету. Сөздік қоры: кесе, тәрелке, қасық, шанышқы</p> <p>Қазақ тілі «Жеке жеке атын ата» ойыны 3 жас Міндеті: Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу. Сөздік қоры: кесе, тәрелке, қасық</p> <p>4 жас Міндеті: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Сөздік қоры: кесе, тәрелке, қасық, шанышқы</p>	<p>асық</p>	<p>шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Сөздік қоры: козы, қой, лак, ешкі, сиыр, бұзау</p>
<p>Серуенге дайындық №1</p>	<p>Серуен №9 Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)</p>				

Серуен №1	<p>Кешен №9 Тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу-еңбек, танымдық, ойын әрекеттер) Міндеті: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Міндеті: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Қ. ойын: «Тышқан мен мысық» Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p>	<p>Кешен №9 Шықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу-еңбек, танымдық, ойын әрекеттер) Міндеті: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Міндеті: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Қ. ойын: «Қояндар секіреді» Міндеті: Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>Кешен №9 Тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу-еңбек, танымдық, ойын әрекеттер) Міндеті: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Міндеті: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Қ. ойын: «Тышқан мен мысық» Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p>	<p>Кешен №9 Күздегі өсімдіктердің түсіндірілуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу-еңбек, танымдық, ойын әрекеттер) Міндеті: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Ойын алаңын жинау Міндеті: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Қ. ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек» Міндеті: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>	<p>Кешен №9 Шықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу-еңбек, танымдық, ойын әрекеттер) Міндеті: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Міндеті: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Қ. ойын: «Қояндар секіреді» Міндеті: Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Түскі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	№9 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін				

сауықтыру шаралары	реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Әр түрлі түстегі қақпалар» 3 жас Міндеті: Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу Сөздік қоры: көк, қара, қызыл.</p> <p>4 жас Міндеті: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сөздік қоры: жасыл, сары, қызыл.</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Алаңқайдағы саңырауқұлақтар» 3 жас Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Сөздік қоры: саңырауқұлақ</p> <p>4 жас Міндеті: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Қайық» 3 жас Міндеті: Құрастыру дағдыларын дамыту. Сөздік қоры: қайық</p> <p>4 жас Міндеті: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Сөздік қоры: қайық</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Түрлі-түсті жіптер» 3 жас Міндеті: Көлденең және тік сызықтарды салу Сөздік қоры: сары, қызыл</p> <p>4 жас Міндеті: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: "Кесені әшекейлейміз" 3 жас Міндеті: Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау). Сөздік қоры: кесе</p> <p>4 жас Міндеті: Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде</p>

		Сөздік қоры: саңырауқұлақ		оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Сөздік қоры: сары,жасыл,көк	заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Сөздік қоры: кесе
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	3 жас 1.Абан Алтынай, 2.Жолдабек Жасмин, 3.Төлеген Ертуған, 4.Оразғали Батырхан, 5.Қожахмет Томирис 6. Тулеген Елдос 7.Нұғыман Мадияр Ойын:«Қандай пішін шықты?» Міндеті: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыруға үйрету. (құрастыру-шығармашылық,ойын әрекеті)	3 жас 1.Дмитриева Афина, 2.Сағындық Нұрболат, 3.Амантай Жасмин, 4.Гараев Алан 5.Абзал Әлімұса 6.Базарбек Алихан Ойын: «Суреттерді орналастыр» Міндеті: заттарды топтастыруға жаттығады (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік,ойын әрекеті)	4 жас 1.Базарбекова Дария 2.Ғабиден Дінмухаммед 3.Нұржан Аяла 4.Хамитов Мансұр Ойын:«Оң және сол» Міндеті: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттығады. (математика негіздері- танымдық,ойын әрекеті)	4 жас 1.Балябин Максим, 2.Қожахмет Мейірхан, 3.Жолдабек Нұрислам 4.Қасымбекова Азалия Ойын:«Кім зейінді?» Міндеті: Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастырады (математика негіздері-танымдық,ойын әрекеті)	4 жас 1.Айсина Адия, 2.Жақсылық Әлихан, 3.Касен Алиша, 4.Тарғын Айдана Ойын: «Түстер бойынша орналастыр» Міндеті:Затты сурет арқылы және түстері бойынша табуға үйрету. (сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы	Ойын:«Доптың екінші бөлігін табу» Міндеті: түстерді ажыратуға үйренеді.Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	Ойын:«Дауысын сал!» Міндеті: Кімде қандай құстың суреті, оның дауысын салады үйрету. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	Ойын:«Ұшатын көбелектер» Міндеті: Жәндіктермен және түстермен таныстыру. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	Ойын:«Ойлан, тап» Міндеті:Сөздік қорын дамыту. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	Ойын: «Түрлі-түсті пирамидалар» Міндеті:Бөлшектерді құрастыруға үйрету. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат
Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Нан қиқымын шашпандар,				

	Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!				
№ 2 серуенге дайындық	Серуен №9. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)				
№ 2 серуен	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қ. ойын: «Түрлі-түсті көліктер» Міндеті: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту.	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қ. ойын: «Өзіңе жұп тап» Міндеті: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Сөздік қоры: асықпа	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қ. ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат» Міндеті: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Сөздік қоры: асықпа	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қ. ойын: Қояндар мен қасқыр Міндеті: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. Сөздік қоры: асықпа	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қ. ойын: Сұр қоян жуынады. Міндеті: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Сөздік қоры: асықпа
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: Балалармен жасаған топтық жұмыстары туралы әңгімелесу, тұмау ауруы бойынша кеңестер беру. Сөздік қоры: Сау болыңыз!				

Тексерілді: 28.10.2024 Әдіскер: Капасова А.С.

назар тексерілді, келесі сағатта
Капасова